

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының
көшпелі жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Абай облысы, Семей қаласы

28 тамыз 2023 жыл

Семей қаласындағы «Alikhan Bokeikhan University» базасында Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығының көшпелі жалпы жиналысы

Қатысушылар: Саясат Нұрбек - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі, ҚР ЖОО ректорлары, министрлік қызметкерлері, ЖОО проректорлары (тізім қоса берілген)

Модератор: Алшанов Рахман Алшанович – ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті

Күн тәртібінде

1. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының Президенті **Алшанов Рахман Алшанұлының** кіріспе сөзі
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі **Саясат Нұрбектің** сөзі
3. «Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы кәсіпкерлік университетінің орны» - **Құрманбаева Шырын Асылханқызы**, «Alikhan Bokeikhan University» ректоры
4. «Қазақстан-Американдық Еркін Университетінің халықаралық серіктестігінің тәжірибесі - аймақты дамыту үшін кадрлар даярлаудың негізі» **Мамбетказиев Ережеп Әлхайырұлы**, «Қазақстан-Американдық Еркін Университетінің президенті
5. «Тәжірибеге бағытталған оқыту бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудың заманауи құралы» **Сиваракша Далида Маратовна**, Екібастұз инженерлік-техникалық институтының ректоры
6. «Өзгерістерді басқару: білім беру бағдарламаларының негізгі стратегиялары» **Мусабекова Гульвира Айдарханқызы**, Инновациялық Еуразия университетінің ректоры
7. «Эпиграф» баспасының мультимедиялық оқулықтарын Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізу» **Гриценко Павел Сергеевич**, «Эпиграф» баспасының директоры
8. «Білім беруді өзгерту: Coursera көмегімен өмір бойы білім алу мүмкіндігін ілгерілету» **Кан Эдуард Геннадиевич**, Coursera, Орталық Азиядағы бизнесті дамыту жөніндегі директоры
9. «Қазақстан Республикасының «Кәсіби біліктілік туралы» Заңы және ЖОО түлектерінің кәсіби біліктілігінің танылуы», **Ержанов Бақыт**

Ахметұлы «Сәтті» IT-мамандарға арналған сертификаттау орталығы»
директоры

10. Ашық микрофон

Модератор: Құрметті әріптестер қош келдіңіздер! Құрметті Саясат Нұрбекұлы, бүгінгі біздің кездесуіміз 4-ші кездесу. Ат басын бұрып кездесуге уақыт тапқаныңыз үшін сізге үлкен рақмет. Министрдің уақыты тығыз екенін білеміз. Үкімет тапсырмасымен бірқатар жерлерді аралып жүрсіз, соған қарамастан жеке меншік оқу орындарына көп көңіл бөліп жатырсыз. Шынын айту керек осы уақытқа дейін қанша министрлермен жұмыс істедік, бірақ осындай кездесулерді дәстүрге айналдыру бірінші рет болып отыр. Соған біздің алғысымыз шексіз. Жоғары білім беру саласы соңғы 30 жылда бірқатар қиындықтарды бастан өткізді. Дегенмен, бүгін Семейде көргеніміздей жеке меншік университеттің деңгейі өте жоғары деуге болады. Бұрынғыдай материалды-техникалық базасы 3 бөлме деген жоқ қазір. Оқу орындары барлық қаражатын материалды-техникалық базасын нығайтуға, жатақхана салуға салып жатыр. Әскери кафедра жеке меншік оқу орындарының ішінде осы оқу орынында ғана ашылған.

Бүгінгі таңда осындай кездесулерден нәтиже бар, Атамекен грантын алып тастағаннан кейін біраз оқу орындары грант алып жатыр. Бұл ЖОО-на үлкен көмек, тек бастамасы ғана деп ойлаймын. Оқу орындары ғылыми жобаларға қатысып жатыр, жеке меншік оқу орындарында білім алушылар саны өсті. Бұл экономиканың әртүрлі саласына жан-жақты маман дайындауға үлкен үлес деп санаймын. Шырын Асылханқызын көптен бәріміз білеміз. Қажырлы еңбегінің арқасында университеттің материалдық деңгейін осындай деңгейге жеткізіп отыр. Осы кездесуге барлық жағдай жасап отырған Шырын Асылханқызына алғыс айтамыз. Білім саласында соңғы жылдары көп мәселе шешіліп жатыр. Бірақ менің ойымша 2 мәселе әлі де шешімін таппай тұрған секілді. Бірінші мәселе – докторантурадағы кадр тапшылығын Саясат Нұрбекұлы өзіңіз білесіз, Сізге хатта жолдаған едік. Екінші мәселе – жатақхана. Жатақханаға қажетті көмек қаржы орталығынан тек мемлекеттік оқу орындарына беріледі деп айтылды, сол сұрақ қайта қарастырылып жатақхана салуға қаржы орталығынан бөлінетін субсидиялауда жеке меншік ЖОО-да ескерілсе. Осындай ұсыныстарымыз ескерілсе деген тілек.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі **Саясат Нұрбек** сөйлеген сөзінде дәстүрлі кездесудің 4-ші кездесу екенін атап өтті. Сонымен қатар, алдыңғы Орал қаласында болған кездесуде көтерілген мәселелер бойынша министрлік тарапынан қабылданған шешімдерді түсіндіріп өтті. ЖОО мен министрлік арасындағы жұмыс форматы – Сенім, Келісім, Әрекет негізгі 3 принципке негізделіп жүргізілетіні атап айтылды.

Министр мырза министрліктің ЖОО-на сенетінін, кез-келген шешім келісіліп қана қабылданатынын, ЖОО-ның инфокартасын тиянақты дайындау маңыздылығын атап өтті.

Жиналыс барысында Абай облысының әкімінің орынбасары **Шалқар Заманбекұлы** құттықтау сөз сөйледі.

Alikhan Bokeikhan University ректоры **Курманбаева Шырын Асылхановна**: «Құрметті әріптестер! Ректорлар қауымдастығының дәстүрлі кеңесі – қазіргі күн тәртібіндегі мәселелерді шешуге арналған нетворкинг алаңы болып тұр. Бүгінгі жиын барысында айтылатын өзекті ұсыныстар еліміздің Жоғары Мектебі жүйесін жетілдіруге ықпал етері сөзсіз. «Жоғары Білім және Ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген бағыттарды жергілікті атқару органдары – бизнес-құрылым-университет үштік бірлігі арқылы жүзеге асырудамыз. Келешектегі көздеген мақсатымыз Әлихан Бөкейхан аманатына сай, Ұлтқа қызмет ететін зияткер тұлға қалыптастыру стандарттарын әзірлейтін өңірлік ХАБ-қа айналу» деді.

Жиналыс барысында Қазақстан-Американдық Еркін университетінің президенті **Ережеп Абылқайырұлы Мамбетқазиев** Қазақстан-Американдық еркін университетінің халықаралық серіктестік тәжірибесі: өңірді дамыту үшін кадрлар даярлаудың негізі екендігі туралы баяндама жасады.

Қ.И. Сатпаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтінің ректоры **Далида Маратовна Сиваракша** баяндамасында мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың қазіргі заманғы құралы тәжірибеге бағдарлауға басымдық беру қажеттілігіне тоқталды.

Евразия инновациялық университетінің ректоры **Гульвира Айдарханқызы Мусабекова** Павлодардағы жалғыз жеке меншік университеттің қазіргі қызметі мен дамуындағы өзгерістерді басқару, білім беру стратегиялары туралы проблемаларға тоқталды. Қазір ИНеУ шағын көлемде 5 кафедраға оңтайландырылған. Қатаң тексеру шаралары нәтижесінде көптеген контингенттен айырылуға мәжбүр болғанын атап өтіп, кадрлық потенциалдың әлсіреп, ПОҚ-тың дизориентациясы орын алған мәселесін көтерді.

«Эпиграф» баспасының директоры **Павел Сергеевич Гриценко** ҚР ЖОО білім беру барысында аталған баспаның мультимедиялық оқулықтарын енгізу мысалдары туралы презентациясын жасады.

Coursera платформасының директоры **Эдуард Геннадьевич Кан** 5 айдың ішінде Coursera керемет нәтижеге жеткендігін, келесі жылдан бастап бюджеттен қаражат бөлінетіндігін, осы жоба арқылы университеттің әлеуетін көтеруге мүмкіндіктердің мол болатынын айтып өтті.

«IT мамандарын сертификациялау орталығы» ЖШС директоры **Бакыт Ержанов** сертификациялау талаптарымен таныстырып өтті.

Еркін микрофоннан қойылған сұрақ ұлттық сертификациялау бойынша базалық тесттердің қалай жасалатындығы және бейіндік-салалық бағыттар қалай ескерілетіндігі туралы болды.

Қатысушылар **Alikhan Bokeikhan University** инфрақұрылымымен «Әскери кафедра», 400 орындық «Студенттер үйі» және «Abai IT Valley» технокласстер жобаларымен танысты.

Жиналыс соңында қатысушыларға ҚР ЖОО қауымдастығы басқармасының кеңейтілген отырысының қарары (Резолюция) таныстырылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының келесі көшпелі жалпы жиналысын 2023 жылдың 28 қарашасында Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің базасында өткізу жоспарланды.

Төраға

Хатшы



Р.А. Алшанов

Б. Ш. Айтишев